

"Қарудың жекелеген түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысымен

"Қарудың жекелеген түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасындағы қарудың жекелеген түрлері айналымының е р е ж е с і (1 қ о с ы м ш а) .

Мемлекеттік қару кадастрын жүргізу тәртібі (2 қосымша).

Қызметтік-штаттық қаруды сақтауға және ұстауға құқық берілген лауазымды адамдарының тізбесі (3 қосымша).

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитетке Мемлекеттік қару кадастрын жүргізу, шығару және тарату жүктелсін.

3. Лицензия беруді мыналар жүзеге асырады деп белгіленсін:
қарудың барлық түрі мен оқ-дәрілер шығаруға - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет;
әскери қару мен оқ-дәрілерді, қызметтік-штаттық қарудың әскери үлгілері мен оқ-дәрілерін, азаматтық қару мен олардың оқ-дәрілерін импорттауға және экспорттауға - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі;
азаматтық және қызметтік-штаттық қарулар мен олардың оқ-дәрілерін әкелуге және алып шығуға, сатуға және сатып алуға рұқсатты - Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір мерзімде лицензия үшін төлемнің мөлшерін және оны төлеу тәртібін белгілесін.

Ескерту. 3-ші тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.07.19. N 996 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Республикалық ұланы, Президенттің Күзет қызметі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет, Мемлекеттік тергеу комитеті, Кеден комитеті, Қаржы министрлігі

қаруланған атыс қаруын есепке алу жүйесін, сондай-ақ қару жоғалту мен ұрлатудың барлық фактілері туралы ішкі істер органдарын міндетті түрде хабардар етуді көздейтін ведомстволық нормативтік актілерді дайындап, қ а б ы л д а с ы н .

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1996.08.28. N 1060
қ а у л ы с ы м е н .

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті екі айлық мерзімде қару мен оқ-дәрілер шығаратын кәсіпорындарды ашу және олардың жұмыс істеу тәртібін белгілейтін нормативтік құжатты дайындап, мүдделі министрліктермен, ведомстволармен келіссін және бекітсін.

6. "Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының лауазымды адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қаңтардағы N 35 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

2) Қазақстан Республикасындағы Рұқсат беру жүйесі туралы ереженің:

6, 7 және 11-тармақтарының күші жойылған деп танылсын;

13-тармақтың 5 және 6-абзацтары мынадай редакцияда баяндалсын:

"- азаматтарға аңшы атыс қаруы мен олардың оқ-дәрілерін сатып алуға,
с а қ т а у ғ а ж әне ұ с т а у ғ а ;

- спорт ұйымдарына жарыстарға қатысу үшін қару мен оқ-дәрілерді шетелге әкетуге және Қазақстан Республикасына әкелуге;";

17-тармақтың "а" тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

"а) рұқсат беру жүйесі қолданылатын бұйымдарды, заттарды және материалдарды сақтауға, күзетуге, есепке алуға, пайдалануға және тасымалдауға байланысты жұмыстарға жіберуден бас тарту, атылатын және газ қаруын сатып алу мен сақтауға рұқсат бермеу, сондай-ақ егер адам:

- психикалық ауруға шалдыққан;

- қоғамдық тәртіпті өрескел бұзатын;

- тиісті есепте тұрған маскүнем немесе нашақор;

- қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталғандығын өтемеген немесе онысы заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған;

- ҚЫЛМЫС жасағаны үшін ҚЫЛМЫСТЫҚ жауапқа тартылған;

- тұрақты тұратын мекені жоқ болса, бұрын оған берілген жіберудің немесе
р ұ қ с а т т ы ң к ү ш і н ж о ю " ;

18-тармак мынадай редакцияда баяндалсын:

"18. Рұқсат беру жүйесінің ережелері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Республикалық ұланына, Президенттің Күзет қызметіне, Ішкі

істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Бас прокуратурасына, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы мен бас салық инспекциясының салық милициясы басқармасына қарасты объектілерге қолданылмайды".

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 2 ақпандағы
N 110 қаулысына

1 қосымша<*><*>

ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.08.20. N 1031 қаулысымен. P961031_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша 16-а қосымшасымен толықтырылды - ҚР
Үкіметінің 1997.03.03. N 289 қаулысымен. P970289_

Қазақстан Республикасындағы қарудың жекелеген
түрлері айналымының

Ережелері

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер атыс және газ қаруын, олардың оқ-дәрілерін, суық қаруды сату, сатып алу, есеп жүргізу, сақтау, ұстау, тасымалдау, пайдалану, қаруды импорттау және экспорттау, сондай-ақ, қарудың жеке үлгілерін Қазақстан Республикасы аумағына әкелу және оларды республикадан әкету, атыс тирлерін, атыс алаңдарын, аңшылардың атыс стендтерін, қару жөндеу шеберханаларын, қару мен оқ-дәрілер сататын дүкендер ашу тәртібін белгілейді.

2. Қызметтік-штаттық қару мен оқ-дәрілерді с а т ы п а л у т ә р т і б і

1. Қызметтік-штаттық қару мен олардың оқ-дәрілері ішкі істер органдары беретін рұқсат бойынша оларды шығаруға немесе сатуға лицензиясы (рұқсаты) бар кәсіпорындар арқылы сатып алынады.

2. Қару сатып алуға рұқсат алу үшін (N 2 қосымша) мүдделі ведомство тиісті ішкі істер министрлігіне немесе ішкі істер басқармасына мынадай құжаттарды тапсырады:

сатып алатын қарудың саны, оның жүйесі, калибрі көрсетілген өтініш;
қолда бар және қажетті қару мен оқ-дәрілердің саны жөніндегі деректер қоса
тіркеледі (N 1 қосымша);

қару мен оқ-дәрілерді сатып алуға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі, оған кадрдың есепке алу жөніндегі жеке қағазы (анкета) мен оны психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлердің есебі бойынша тексергені туралы анықтама қоса тіркеледі;

ішкі істер органдарының (милиция және өртті қадағалау), санитарлық-эпидемиялық қадағалау органдары мен мекемелерінің және объектіні ашушы ұйымның өкілдерінен тұратын комиссия жасаған қару сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылығы туралы актісі.

Ескертулер: 1. Банкілер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне банк операцияларын (инкассация) жүргізуге құқық беретін қосымша лицензиялар тапсырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операцияларын (инкассация) жүргізуге арналған лицензияның күшін тоқтатқан жағдайда қару сақтау құқығына рұқсат берген ішкі істер органына дереу хабарлау керек.

3. Қызметкерлерді орындайтын жұмыс сипатына қарай тиісті қарумен қаруландыруға арналған атыс қаруларының саны мен түрін министрліктердің, ведомстволардың және ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің келісуі бойынша қару-жарақ нормаларына, табельдеріне және тізбелеріне сәйкес (NN 5-20 қосымшалар) белгілейді.

4. Ұйымдардың әскерилендірілген күзеті винтовкалармен (карабиндермен), пистолеттермен, револьверлермен NN 5-20 қосымшаларда көрсетілген нормалар бойынша қаруланады. Олардың атыс қаруының басқа түрлерімен (автоматтармен, пулеметтермен) қарулануына әрбір нақты жағдайда Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің келісуі бойынша жол беріледі.

5. Қарауылдар күзеті, фермелер, шопандар, жылқышылар мен малшылар тегіс стволды қарумен қаруланады.

6. Жарылғыш материалдар қоймасының күзеті тегіс стволды, сондай-ақ иір ойықты атыс қаруымен де қарулануы мүмкін.

3. Қызметтік-штаттық қару мен оның оқ-дәрілерін сақтау, есепке алу мен пайдалану тәртібі

7. Ұйымның басшысы қаруды сатып алған күннен бастап он күн ішінде ішкі істер органынан қаруды сақтау құқына рұқсат алуға міндетті.

8. Қызметтік-штаттық қаруды сақтауға рұқсатты (N 3 қосымша) ішкі істер органы оның күшінде болу мерзімін көрсете отырып береді және ұйымдардың басшыларына немесе сенімхат арқылы олар өкілдік берген адамдарға паспортын көрсетуі бойынша қолхат ала отырып тапсырылады. Ұйымның басшысы немесе қару сақтауға рұқсат берілген адам ауысқан жағдайда, рұқсаттың күшінде болу мерзімі аяқталғанда, ұйымның мекен-жайы, атауы, қарудың сақтау орны немесе оның саны өзгергенде рұқсат он күн мерзімде қайта ресімделуі керек.

9. Қару сақтауға құқық беретін рұқсатты беру үшін ұйым басшысының өтініші негіз болып табылады, онда мынадай мәліметтер көрсетілуі керек:

сатып алынған атыс қаруының саны туралы (әрқайсысының түрі, жүйесі,

калибри, нөмірі, шыққан жылы);

қаруды сақтау және пайдалану үшін жауапты адам, сондай-ақ қаруды ұстауға жіберілген адамдар, соның ішінде күзет қызметкерлері туралы (фамилиясы, аты-жөні, туған күні мен жері, әрқайсысына берілген наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің анықтамасы, олардың қару-жарақтың материалдық бөлігі мен оларды қолдану ережелерін білуі жөнінде сынақша тапсырғаны туралы анықтама).

Өтінішке ұйым басшысының қару мен оқ-дәрілердің сақталуы үшін жауапты адамды (адамдарды) тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі тіркеледі.

Қару сақтауға арналған жаңа объект ашылған жағдайда өтінішке комиссия толтырған үй-жайдың жарамдылығы жөніндегі актісі қоса тіркеледі, ол комиссияның құрамына ішкі істер органдарының (милиция және өртті қадағалау), санитарлық-эпидемиялық қадағалау органдары мен мекемелерінің және объектіні ашушы ұйымның өкілдері кіреді.

10. Қару сақтауға рұқсатты ішкі істер органдары үш жыл мерзімге ұйым басшысының атына, ал әскерилендірілген күзет бөлімшелері үшін - бөлім, команда, жеке бөлімше командирінің, бастығының атына береді.

11. Қазақстан Республикасы Парламент депутаттары мен тізбесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген лауазымды адамдарға қызметтік-штаттық қаруды (пистолет) сақтау және ұстау құқына рұқсат (N 4 қосымша) мына құжаттар негізінде беріледі: <*>

ө т і н і ш ;

кадрды есепке алу жөніндегі жеке қағаз (анкета);

қаруды қауіпсіз иелену мен ұстауға бөгет болатын қарсы көрсеткіштердің жоқ екендігі туралы медициналық анықтама;

қарудың материалдық бөлігі мен қаруды қолдану ережелерін білуі жөнінде сынақша тапсырғаны туралы анықтама;

3 X 4 см екі фотосурет;

жүйесін, калибрін, нөмірін көрсете отырып қаруды бекітіп бергені туралы бұйрықтың көшірмесі.

Қызметтік-штаттық қару (пистолет) сатып алуға, сақтауға және ұстауға рұқсатты:

Қазақстан Республикасы Парламент депутаттарына және жоғары өкілді, атқарушы және сот органдарының лауазымды адамдарына, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының басшыларына - Ішкі істер министрі; <*>

жергілікті өкілді, атқарушы және сот органдарының лауазымды адамдарына - Алматы қалалық ішкі істер басқармасының, облыстардың және Ленинск қалалық ішкі істер басқармаларының бастықтары береді.

Ескерту: Қызметтік-штаттық қаруды (бір ғана пистолетті) сақтауға және ұстауға рұқсат үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың 1 және 9-абзацтарына өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.28. N 1060 қаулысымен. P961060_

12. Қызметтік-штаттық қаруды 11-тармақта көрсетілгеннен басқа сатып алуға және сақтауға рұқсатты (NN 2, 3 қосымша) кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының, облыстық, көліктегі ішкі істер басқармалары, қоғамдық тәртіп сақтау басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары, Ленинск қалалық ішкі істер басқармасының бастығы береді.

13. Қызметтік-штаттық қару мен олардың оқ-дәрілері арнайы жабдықталған қоймада сақталады, ол мына талаптарға сай келуі тиіс:

1) Басқа қосалқы, қызмет жайларынан оқшау болу керек. Қабырғалары күрделі, төбесі мен едені берік болуы тиіс. Ішкі қабырғалары (қоршаулары) беріктігі жағынан аралығы арқылы болат тор тартылған қалыңдығы 80 мм гипсбетонды панельдей немесе металл тормен арматураланған қалыңдығы 120 мм кірпіш қабырғаға тең болу керек. Бұрын салынған үй-жайларда болат тормен беріктелген тақтай қоршауларға жол беріледі.

2) Екі есігі болуы керек. Бұл ретте сыртқысы - қалыңдығы кем дегенде 40 мм тақтайшадан жасалады, оның екі жағы мырыш қаңылтыр темірімен, шет жағы есіктің кесілген жерінен қайырылып, соғылған болуы керек, ішкісі - болат торлы.

Сыртқы есік екі ішкі құлыппен жабылады және мөр соғылады немесе пломбы салынады. Ішкі торлы есік ішкі құлыппен немесе аспалы құлыппен жабылады.

Қару-жарақ бөлмесі есігінің ойығы (есіктің қорабы) болатпен жиектеледі. Бұрын салынған үй-жайларда көлемі 30X40 мм, қалыңдығы 5 мм кем болмайтын, қабырғаға диаметрі 10-12 мм арматуралы бола шегемен он жерден қағылған бұрыштама темірмен күшейтілген ағаш қораптарға жол беріледі.

3) Үй-жайдың ішкі жағындағы терезе ойықтарында немесе рамаларының арасында болат тор орнатылады. Бірінші қабатта орналасқан бөлмелерде терезелері ішкі жағынан металл немесе екі жағынан болатпен қапталған ағаш қақпақпен жабдықталады. Торлардың ұшы қабырғаға кем дегенде 80 мм тереңдікке дейін қағылып және бетонмен салынады. Терезенің қақпақтары аспалы құлыппен жабылуы керек.

Есікке, терезеге және қабырғаны нығайту үшін орнатылатын торлар диаметрі кем дегенде 15 мм болат шыбықтан жасалады. Шыбықтар тор көзі кем дегенде 150X150 мм айқастырылып дәнекерленеді.

4) Екі және одан көп күзет-өрт дабылын беру құралымен жабдықталады, ол электр тоғын беру қалқанына жасырын сым тарту арқылы орындалады,

терезелеріне, есіктеріне, люктеріне, қабырғаларына, төбесіне, еденіне, қару мен оқ-дәрілер сақтаулы сейфтерді, шкафтарды ашқанда немесе бұзғанда, сондай-ақ бөлменің ішінде адам жүргенде іске қосылатын датчиктер орнатылады. Бұл жайлар ішкі істер органдарының күзет бөлімшелерінің күзетуіне беріліп, белгіленген тәртіпте дабыл беру құралдары орталықтан бақылау пультіне қосылады. Темір-бетонды және бетонды құрылыс конструкциялары бойынша бөлімнің ішінде ғана трубамен күзет дабылы құралдарының шлейфін тартуға рұқсат етіледі.

5) Ауа кіретін желдеткіш терезе, люк болған жағдайда, оларға тор көзі 100X100 мм болат тор орнатылады. Қабырғалардағы инженерлік желілерді тартуға арналған тесіктің диаметрі 200 мм аспауы керек.

6) Қару мен оқ-дәрілер сақтайтын бөлмеде өртке қарсы сақтық құралдары, мүліктердің тізімі болады, оған шкафтар, металл жәшіктерінің саны мен нөмірлері және қандай мөр соғылатыны көрсетіледі.

7) Қару-жарақ бөлмесі мен қару және оқ-дәрі салынған металл шкафтардың (сейфтердің) екі жиынтық кілті болуы керек. Кілттердің бір жиынтығы әрдайым қару мен оқ-дәрілердің сақталуы үшін жауапты адамда болады, екіншісі - сақтауға рұқсат берілген ұйымның басшысында мөрленген сауытта сақталады.

Қару-жарақ бөлмесінің, қару мен оқ-дәрілер сақтаулы металл шкафтардың кілтін стол үстінде және басқа жерлерде қалдыруға тиым салынады.

14. Қару мен оқ-дәрілер қабырғасының қалыңдығы кем дегенде 3 мм, ішкі құлыбы берік жабылатын (кем дегенде екеу) металл шкафтарда (сейфтерде) сақталуы керек. Шкафтардың есіктері мықты болу үшін болат бастырмамен немесе бұрыштамаларымен нығайталады. Шкаф есіктерінің ішкі жағында нөмірлері көрсетілген қарудың тізімі болуы тиіс. Қаруды ішкі бір құлпы бар ауыр сейфтерде сақтауға болады.

15. Қарумен және оқ-дәрілермен бірге, қару-жарақ бөлмесінің темір тормен бөлінген бөлігінде сақтауға болатын пневматикалық қару, арнаулы аспаптар, радиостанциялар мен дозиметриялық құралдардан басқаны сақтауға тиым салынады. Қарудың оқ-дәрілері қарудан жеке металл жәшікте, шкафта сақталуы керек.

Сүртетін материалдар, қару майы мен сілтілер, қару тазалайтын және майлайтын құралдар қару мен оқ-дәрілерден жеке, арнайы бөлінген жерде сақталады.

16. Банкі басқармаларында, бөлімшелерінде, филиалдарында қару мен оқ-дәрілер темір-бетонды қоймаларда сақталады. Қойма жоқ болған жағдайларда қару мен оқ-дәрілерді (орталықтан бақылау пультіне тартылған күзет дабылы болған жағдайда ішкі немесе қосарлас темір-бетон шкафтарда (кассаларда) немесе салмағы 700 кг кем емес ауыр сейфтерде сақтауға болады. Байланыс

тораптарында (ПТУС), фельдъегерлік қызметтерде, арнаулы байланыс бөлімшелерінде қару мен оқ-дәрілерді автономиялық күзет дабылы мен салмағы кем дегенде 700 кг ауыр сейф болған жағдайда сақтауға жол беріледі.

17. Әртүрлі ұйымдарға қарайтын қызметтік-штаттық қару мен оқ-дәрілерді сақтау үшін орталықтандырылған сақтау пункттерін жабдықтауға рұқсат етіледі. Мұндай пункттер спорт-атыс клубтарының, тирлердің, жоғары оқу орындарының сақтау қоймаларының, ВОХР ұйымдарының негізінде құрылуы мүмкін. Атыс қаруы мен оқ-дәрілер сақталатын жайлар, орталықтандырылған сақтау пункттері екі және одан көп шепті күзет дабылы құралдарымен жабдықталады және ол ішкі істер органдарының орталықтан бақылау пультіне жалғанады. Орталықтандырылған сақтау пунктінде қару мен оқ-дәрілер осы Ережелердің 13-15 тармақтарында белгіленген тәртіпте сақталады. Қаруды орталықтандырылған сақтау пунктіне тапсыру актымен ресімделеді. Онда қару мен оқ-дәрілер сақтайтын әрбір ұйым үшін жеке металл шкафтар немесе бокстар бөлінуі керек, олар қару мен оқ-дәрілерін сақтаушы ұйымның және орталықтандырылған қару сақтау пункті әкімшілігінің атауы жазылған екі мөрмен (пломбамен) мөрленіп жабылады.

Металл шкафтардың немесе бокстардың кілті ұйымның жауапты адамдарында, екінші данасы - орталықтандырылған сақтау пунктінің әкімшілігінде сақталады.

Қолда бар қару мен оқ-дәрілердің бүкіл санын орталықтандырылған сақтау пунктінде сақтауға рұқсатты ішкі істер органдары орталықтандырылған сақтау пункттерін құрған ұйымның басшысының атына береді.

18. ВОХР отрядтарында (командаларында), қарауылдар күзетінде атыс қаруы мен оқ-дәрілер (соның ішінде кемітілмейтін қор) осы Ережелердің 13-15 тармақтарында баяндалған талаптарға сәйкес сақталады. Қару-жарақ бөлмесін орталықтан бақылау пультіне қосылған дабылмен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда ол автономиялы дабылмен жабдықталады, қабырғаларына, төбесіне, терезелеріне датчиктер орнатылып, ол қарауыл жайынан (күзет қосынан) басқа жақын орналасқан қарулы қосқа тартылады.

19. Жаттығу мақсатында (практикалық ату) спорт жарыстарында немесе қызмет өтеу уақытында қару қолдану нәтижесінде жұмсалған, сондай-ақ жоғалған оқ-дәрілер акті бойынша (N 21 қосымша) есептен шығарылады, оған тарату-тапсыру ведомосы (N 22 қосымша), ал қажет болған жағдайда қару қолдану немесе оқ-дәрілерді жоғалту себептері туралы қызмет бабында тергеу материалдары қоса тіркеледі. Акті келесі күннен кешіктірілмей жасалады, оны ұйым басшысы бекітеді және қарудың сақталуы үшін жауапты адамда сақталады. Оқ-дәрілердің есептер шығарылуы туралы қаруды есепке алу кітабына тиісті белгілер соғылады.

20. Қызметтік-штаттық тегіс стволды қаруды мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық және жеке шаруашылықтарындағы бақтарды, жүзім бақтарын, омарталарды, бақшаларды, егістіктерді маусымдық күзету, мал жаю кезеңінде жақын орналасқан мекенде осы Ережелердің 21-тармағында жазылған талаптарға сәйкес сақталуға тиісті сақтау орны болмаған жағдайда күзетшілердің, шопандардың, жылқышылардың, малшылардың және омарташылардың тұратын жерінде ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша сақтауға жол беріледі. Маусымдық жұмыстар аяқталған бойда қару өзінің тұрақты сақталатын жеріне т а п с ы р ы л у ы к е р е к .

21. Ішкі істер органдарымен келісім бойынша қызметтік-штаттық иір ойықты және тегіс стволды қару (карабин, винтовка, пистолет, револьвер, мылтық) мен олардың оқ-дәрілерін табиғат қорғау органдары қызметкерлерінің тұратын жерінде сақтауға болады. Бұл ретте иір ойықты атыс қаруы еденге немесе қабырғаға мықты орнатылған металл жәшіктерде (шкафтарда) сақталуы керек, олардың қабырғаларының қалыңдығы 3 мм болуы тиіс және ішкі құлыппен (кем дегенде екі) жабылу керек.

22. Аумақтық ішкі істер органдары ұйымдардың басшыларының өтініш бойынша қызметкерлерге күзетілетін объектіден тыс жерде қызметтік-штаттық қару сақтауға және ұстауға құқық беретін жеке рұқсат (N 4 қосымша) береді. Көліктегі ішкі істер органдары мұндай рұқсатты Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ВОХР жеке құрамына береді.

Ұйымдардың басшыларының өтінішіне қажетті құжаттар (тегі, аты, әкесінің аты, туған жері мен датасы көрсетілген адамдардың тізімі; сол адамның жұмысқа қару ұстауға жарамдығы туралы куәландыратын медициналық тұжырымдама; қызметтік-штаттық қаруды қолдану ережелері мен материалдық бөлігін білу жөніндегі сынақша тапсыру туралы анықтама; ұйым басшысының сол адамды қызметке тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі; 3X4 см екі фотокарточкасы) қоса тіркеледі.

Ішкі істер органы өтініш пен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде тапсырылған материалдарды қарайды және жеке рұқсаттар береді, ал бас тартқан жағдайда бұл туралы ұйымға хабарлайды.

Қызметтік-штаттық қару ұстауға құқық беретін жеке рұқсаттарды ішкі істер органдары үш жыл мерзімге береді және оған міндетті түрде "қызмет бабындағы міндеттерді атқару кезінде жарамды" деген штамп соғады.

23. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі жүйесінің, Ұлттық және Халық банкілерінің кассирлеріне және басқа қызметкерлеріне, сондай-ақ ақша мен бағалы заттарды сақтайтын коммерциялық, акционерлік және жеке банкілердің қызметкерлеріне жұмыс уақытында, егер бөлмелері күзетілмесе, ішкі істер органдарымен келісім

бойынша ұйымда бар қару есебінен объектіден тыс жерде ұстау құқынсыз қызметтік-штаттық қару беруге рұқсат етіледі.

24. Почта вагондарымен тасымалданатын құнды заттарды күзету үшін вокзал жанындағы почта тасымалдау бөлімі (бөлімше) почта вагондарының бастықтарына және олардың орынбасарларына қызметтік-штаттық қару санының ішінен бір-бірден пистолет (револьвер) береді, бұл туралы жол жүру ведомосына жазылады. Бұл жағдайда ішкі істер органдарының рұқсаты қажет емес. Почта вагоны соңғы аялдамаға келуіне қарай қару осы пункттің почта тасымалдау бөліміне (бөлімшесіне) уақытша сақтауға тапсырылады, ал қайтып келген соң қаруды берген бөлімге (бөлімшеге) тапсырылады.

25. Жүкке еріп жүретін қызметкерлер тиісті мекенге келген бойда және жүкті күзетумен байланысты жұмысы аяқталған соң қызметтік-штаттық қаруын жүкті қабылдаған ұйымның қару-жарақ бөлмесіне немесе жергілікті ішкі істер органына уақытша сақтауға тапсырады.

26. Дайындау ұйымдары, аңшылық кәсіппен айналысатын шаруашылықтар, кооперативтік аң өсіру шаруашылықтары, ұжымшалар, облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамдары өздерінде бар қызметтік-штаттық қару санынан ішкі істер органының рұқсатымен осы ұйымдар аң аулауға, сондай-ақ аңдарды тауар ретінде ату шартын жасасқан әуесқой-аңшыларға қару бере алады.

Аталған адамдарға қызметтік-штаттық қару сақтауға және ұстауға жеке рұқсат беру туралы өтініш аңшылық маусым басталуына бір ай қалғанға дейін ішкі істер органына жіберіледі. Оған міндетті түрде осы Ережелердің 44-тармағында көзделген құжаттар қоса тіркеледі.

27. Қызметтік-штаттық қару мен оқ-дәрілерді ведомстволық қатыстығына қарамастан бір ұйымнан екінші ұйымға беру тек ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі. Қару немесе оқ-дәрілерді берген ұйым бұл туралы қару есепте тұрған ішкі істер органына бес күндік мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті. Онда берілген қарудың саны, маркасы, калибрі мен әрқайсысының нөмірі, оқ-дәрілердің саны, маркасы, калибрі көрсетіледі. Хабарламаға рәсімдеу үшін сақтауға арналған рұқсат, сондай-ақ қаруды беру үшін негізге алынған құжаттар қоса тіркеледі.

28. Қару мен оқ-дәрілерді пайдаланатын ұйымдарда мыналар тұрақты жүргізілуі тиіс:

қару мен оқ-дәрілерді есепке алу кітаптары (N 23 қосымша), олар нөмірленеді, бау өткізіледі, жергілікті ішкі істер органының мөрі соғылады;

қызмет бабындағы міндеттерін орындау үшін қызмет атқару уақытына берілетін қару мен оқ-дәрілерді беру мен қабылдау журналы (N 24 қосымша), олар нөмірленеді, бау өткізіледі, жергілікті ішкі істер органының мөрі соғылады.

29. Одан әрі пайдалануға жарамсыз қызметтік-штаттық қару мен оқ-дәрілер Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының, облыстық, көліктегі және Ленинск қалалық ішкі істер басқармаларының шаруашылық бөлімдерінің қоймаларына тапсырылады. Мұндай қару иесінің келісуі бойынша имитациялық түрде сатылуы немесе жойылуы мүмкін.

Ескерту. Қарудың жарамдылығын ішкі істер органдарының аталған бөлімдерінің техникалық комиссиялары белгілейді.

Ұйымдарға қарайтын басы артық, бірақ одан әрі пайдалануға жарамды қызметтік-штаттық қару мен олардың оқ-дәрілері оны сатып алған жерлеріне тапсырылады немесе ішкі істер органының рұқсатымен басқа ұйымдарға беріледі (с а т ы л а д ы) .

30. Қару мен оқ-дәрілерге есеп жүргізу, сақтау және дұрыс пайдалану күйіне ұйымдардың басшылары, ал әскерилендірілген күзет отрядтарында - отрядтардың (бөлімшелердің) бастықтары жауап береді, олар қару немесе оқ-дәрілер ұрланған немесе жоғалған жағдайларда бұл туралы жергілікті ішкі істер органдарына дереу хабарлап және оларды іздеуге шаралар қолдануға міндетті. Ұрланған немесе жоғалған қару мен оқ-дәрілерді есептен шығару үшін тергеу немесе анықтау жүргізген лауазымды адамның қаулысы негіз болып т а б ы л а д ы .

31. Иір ойықты стволды қызметтік-штаттық атыс қаруы міндетті түрде атып тексерілуі керек. Атылған оқтар мен гильзалар Ішкі істер басқармаларының сараптау-криминалистика бөлімшелерінде сақталады.

Атып тексеруді ішкі істер органдары жүргізеді. Оларды өткізу үшін кәсіпорын қажетті мөлшерде оқ-дәрі береді, қару-жарақты ату орнына тасымалдауды қамтамасыз етеді, немесе ішкі істер органына тиісті шығындарын өтейді.

4. Қызметтік-штаттық қару мен оқ-дәрілерді т а с ы м а л д а у т ә р т і б і

32. Қызметтік-штаттық қару мен оқ-дәрілерді әуе, темір жол, су, автомобиль көлігімен тасымалдау ішкі істер органдарының рұқсаты (N 25 қосымша) бойынша жүзеге асырылады. Осындай тасымалдау қашықтығына қарамастан қала, аудан шегінде жүргізіліп отырған жағдайларда ішкі істер органдарының р ұ қ с а т ы қ а ж е т е м е с .

33. Тасымалдауға рұқсатты қару мен оқ-дәрілерді тасымалдайтын ұйымдар орналасқан аумаққа қызмет көрсетуші ішкі істер органдары үш айлық мерзімге б е р е д і .

34. Қару мен оқ-дәрілерді тасымалдауға рұқсат ұйым басшысының жазбаша өтініші негізінде беріледі, онда мыналар көрсетіледі:

тасымалданатын жүктің атауы, саны;
көліктің түрі, маршруты;
бастапқы және соңғы тасымалдау пункті;
жүкті тасымалдау және жолда күзету үшін жауапты адамдардың фамилиясы,
аты-жөні, паспорттарының сериясы мен нөмірі, мекен-жайы.

Өтінішке әрбір қарудың маркасы мен заводтың нөмірі көрсетілген тізімі қоса
б е р і л е д і .

35. Қаруды, оқ-дәрілерді, аңшылық оқ-дәріні, даярланған патрондарды
автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда ұйымдардың басшылары
тасымалдау үшін жауапты адамды тағайындайды және тиісті қарулы күзетпен
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

36. Қару мен оқ-дәрілері, сондай-ақ аңшылық оқ-дәріні, дайындалған
патрондарды автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда, егер жолда жүру
уақыты 12 сағаттан асатын болса, ұйымдардың басшылары осы жүкті алып жүру
үшін атыс қаруымен қаруланған кем дегенде екі адам тағайындауы керек.
Тасымалдау үшін үсті жабық машина бөлінеді, ал оқ-дәріні тасыған жағдайда
автомобиль қорабының еденіне киіз немесе басқа тиісті материал төселінеді.
Қару мен оқ-дәрілер лайықталған ыдысқа салынады, оларға сүргі соғылады
н е м е с е п л о м б ы с а л ы н а д ы .

37. Теміржол арқылы немесе су жолымен қол жүгімен тасымалданатын
оқ-дәрілердің, дәрінің мөлшері мына салмақтан аспауы керек:

барлық калибрдегі атыс қаруының патрондары - 10 кг;

т ү т і н с і з д ә р і - 10 кг;

түтінді дәрілік бұйымдар - 5 кг;

т ү т і н д і д ә р і - 5 кг.

ЕСКЕРТУ. Қол жүгімен тасымалдауға рұқсатта тек жүктің таза
салмағы ғана (металл гильзалар, жәшіктер және т.б. жүктің
салмағына кірмейді) көрсетіледі.

38. Атыс қаруын, оқ-дәрілерді, дәріні почта арқылы салып жіберуге тиым
с а л ы н а д ы .

ЕСКЕРТУ. Аңшылар мен балықшылардың аудандық, қалалық, облыстық,
Республикалық қоғамдарының, әскери аңшылар қоғамын және "Динамо"
қоғамының басқармалары дайындаушы заводтары атына немесе мылтық
жөндейтін шеберханаларға жолдаған, сондай-ақ олардан кейін жолданған
посылкаларда аңшы мылтықтарының жекелеген бөлшектерін салып жіберуге
рұқсат етіледі. Мылтық иелері осы мәселелер бойынша тиісті аңшылар мен
балықшылар қоғамдарына өтініш жасауы тиіс.

39. Қызметтік-штаттық қаруды, оқ-дәрілерді, дәріні қала көлігімен
тасымалдау осы көлік түрлері үшін белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Қару салып жібергенде немесе тасымалдау кезінде оқсыз болуы керек, қабына салынады, ал оқ-дәрілер берік ыдысқа салынып-оралады.

5. Аңшы қаруы мен оқ-дәрілерін сатып алу, тіркеу
(қайта тіркеу), сақтау, ұстау және тасымалдау
т ә р т і б і

40. Аңшы атыс қаруын сатып алуға Қазақстан Республикасының 18 жасқа
толған азаматтары құқылы.

41. Аңшы атыс қаруын азаматтар тек ішкі істер органдары берген рұқсат (N
26 қосымша) бойынша сатып алады.

ЕСКЕРТУ. Суық аңшы қаруы атыс қаруын сақтауға және ұстауға арналған
рұқсат бойынша ("Пайдалану құқынсыз уақытша сақтауға арналғаннан" басқа)
сатып алынады және аңшы билетіне жазылады.

42. Аңшы иір ойықты атыс қаруын (аңшы карабиндерін, винтовкаларын,
құрастырылған мылтықтарын) сатып алуға, сақтауға және ұстауға рұқсатты ішкі
істер органдары штаттағы кәсіпші аңшыларға, сондай-ақ жабайы хайуанаттарды
тауар үшін атуға жүйелі (жыл сайын) қатысушы әуесқой аңшыларға береді.
Аңшы иір ойықты қаруын сатып алу, сақтау мен ұстауға арналған рұқсатқа
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, оның орынбасарлары, Алматы
қалалық ішкі істер бас басқармасының, облыстар мен Ленинск қалалық ішкі істер
басқармаларының бастықтары қол қояды.

43. Ішкі істер органдарының аңшы иір ойықты атыс қаруын сатып алуға
рұқсатты алу үшін штаттағы аңшылар немесе әуесқой аңшылар мынадай
құжаттар тапсырады:

толтырылған карточка-өтініш (N 27 қосымша);

аңшылар мен балықшылар қоғамының аңшы билетін (аң аулауға құқық
беретін мемлекеттік баж салығын және ағымдағы жылға мүшелік жарнасын
төлегені туралы белгі соғылған) немесе дайындау ұйымы берген аңшы билетін;
наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің анықтамаларын;
жабайы хайуанаттарды тауар үшін атуға жыл сайын қатысу туралы шарттың
көшірмесін;

аң аулау кезінде иір ойықты қаруды пайдалану ережелері бойынша сынақша
тапсырғаны туралы анықтама;

дайындаушы ұйымның аталған адам штаттағы аңшы болып табылатын
қуаттайтын құжаты, ал әуесқой аңшы - облыстық Алматы және Ленинск қалалық
аңшылар мен балықшылар қоғамдарының және жануарлар дүниесін қорғау
жөніндегі бөлімнің басшыларының бірлескен өтініші.

44. Аңшы тегіс стволды атыс қаруын сатып алуға рұқсат алу үшін ішкі істер
органына мынадай құжаттар тапсырылады:

аңшылар мен балықшылар қоғамдарының аңшы билетін (аң аулауға құқық беретін мемлекеттік баж салығын және ағымдағы жылғы мүшелік жарнасы төленгені туралы белгі соғылған) немесе дайындау ұйымы берген аңшы билетін;

45. Әскери және арнаулы атақтары бар әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері аңшы атыс қаруын сатып алуға және сақтауға рұқсатты наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің анықтамаларын тапсырмайақ жалпы негізде алады.

47. Аңшы атыс қаруын сатып алуға рұқсатты азаматтарға ішкі істер органдары жеке басын куәландыратын паспортын немесе басқа құжаттарын көрсеткен жағдайда үш айлық мерзімге береді. Аталған мерзімде пайдаланылмаған рұқсаттар ішкі істер органына қайтарылуы керек.

49. Азаматтар сатып алған аңшы атыс қаруы сатып алған күннен бастап екі апта мерзімде иесі тұратын жердегі ішкі істер органында тіркелуі керек және оны сақтауға және ұстауға ішкі істер органдары үш жыл мерзімге беретін рұқсатты (N 4 қ о с ы м ш а) а л у ы т и і с .

Қару иесінің жаңа тұратын жеріндегі ішкі істер органына есепке қою кезінде егер бұрын берілген қару сақтауға арналған рұқсаттың мерзімі бітпесе, төлем а л ы н б а й д ы .

қаруды қайдан алғанын дәлелдейтін құжат (рұксаттың дубликаты немесе

Ө Т і Н і Ш) .

52. Қару сақтауға және ұстауға арналған рұқсат күшінде болу мерзімін ұзарту үшін оның иесі рұқсаттың күшінде болу мерзімі аяқталуға бір ай қалғанда жергілікті ішкі істер органына өтініш жасауға міндетті, қолында бар қаруын техникалық тексеруге тапсырады әрі мынадай құжаттарды өткізеді:

ішкі істер органы бастығының атына жазылған қару сақтауға арналған рұқсаттың күшінде болу мерзімін ұзарту туралы өтініш, онда фамилиясын, атын, әкесінің атын, мекен-жайын, қаруының жүйесін, калибрін және нөмірін, оны сақтауды қамтамасыз ету жағдайын көрсетеді;

қаруды қайта тіркегені үшін төлем төлеу туралы квитанция;
наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің анықтамалары.

53. Атыс қаруы иесінің тұрақты тұратын жерінде бөлшектелген күйінде, оқсыз, шүріппесі босатылатын, оқ-дәрілерден жеке сақталуы керек. Қаруға басқа адамдар мен балаларды жіберуге рұқсат етілмейді. Атыс қаруы мен оқ-дәрілерді бөлмелердің қабырғасына ілуге болмайды. Қаруды иесі тұрақты тұратын жерден тыс орында (саяжайларда, бақ үйлерінде, гараждарда, сарайларда, вагондарда, шалаштарда, шатырда және т.б.), сондай-ақ жатақханаларда (тек бір жеке отбасының бір бөлмеде тұратын мүшелері отбасы жатақханаларынан басқа), уақытша вахталық үй-жайларда, туысқандарында, таныстарында сақтауға тиым салынады. Ерекше жағдайларда қару иесі ұзақ іссапарға (үш айдан астам) немесе әскери қызметін атқаруға кеткенде ішкі істер органының рұқсатымен қаруды туыстарында уақытша сақтауға болады. Қаруды сақтауға қабылдап алған адамға ішкі істер органы "пайдалану құқысыз уақытша сақтауға" деген белгі соғып р ұ қ с а т б е р е д і .

54. Көліктің барлық түрлерімен алып жүру немесе тасымалдау кезінде атыс қаруы оқсыз, бөлшектенген күйінде (мүмкін болса) қабында болуы керек. Атыс қаруын алып жүрген немесе тасымалдаған барлық жағдайларда иесінде ішкі істер органының берген оны сақтауға және ұстауға арналған рұқсат өзімен бірге болуы керек, ол сонымен бірге қару алып жүруге берілген рұқсат болып табылады. Қару сақтаудың, ұстаудың, тасымалдау мен пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзғандығы үшін кінәлі адамдар заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Суық аңшы қаруы аңшы билеті болған жағдайда ғана қапталған күйінде алып жүріледі.

55. Рұқсаттың күшін тоқтату туралы дәлелді қорытынды (N 28 қосымша) шығарылады, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді. Қорытындыда осындай шешім шығарудың негіздері мен себебі баяндалады.

56. Рұқсаттың күші тоқтатылған жағдайда ол атыс (суық) қарумен және оқ-дәрілермен бірге алынады. Алынған қаруды және оқ-дәрілерді ішкі істер

органдарының жолдауы бойынша қару иелері немесе олардың өкілдері комиссиялық сатуға тапсырады не қару сатып алу немесе сақтауға ішкі істер органдарының рұқсатын алған адамға берілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. Қылмыстық істер бойынша айып тағылған адамдардың атыс (суық) қаруы мен оқ-дәрілері рұқсатпен бірге алынады және тергеу органдарының немесе соттың қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешіміне дейін ішкі істер органында сақталады. Егер аталған адамға қатысты қылмыстық іс тоқтатылса немесе сот ақтайтын үкім шығарса, оның қару мен оқ-дәрілері, қару сақтауға және ұстауға арналған рұқсаты қайтарылады.

57. Ішкі істер органдары мынадай қаруларды сатып алуға, сақтауға және ұстауға рұқсат бермейді:

жалпы ұзындығы 800 мм аспайтын, сондай-ақ құрастырмалығы жиналатын, жылжытылатын, салынатын немесе бөлшектелетін және мұндайда ату мүмкіндігінен айырылмайтын аңшылық атыс қаруы;

нөмірі жоқ немесе қолдан жасалған атыс қаруы.

ЕСКЕРТУ. Заводта дайындалған атыс қаруы, егер оған қару жөндеу шеберханасында нөмір соғылған жағдайда ішкі істер органдарында тіркелуі мүмкін.

58. Аңшы қаруының, оның ішінде әскери үлгідегісінің, иесі қайтыс болған жағдайда оның туыстары мүлікті мұраға қалдыру туралы мәселе шешілгенше қаруды 30 күн мерзімге ішкі істер органына уақытша сақтауға тапсырады (бірақ бұл алты ай мерзімінен аспауы тиіс). Егер мұрагерлердің арасында қару ұстауға, сақтауға немесе сатып алуға құқылы адам болмаса, онда ол дүкен арқылы сатылуы мүмкін немесе қару сатып алуға немесе сақтауға ішкі істер органдарынан рұқсат алған адамға беріледі.

59. Ішкі істер органдарында аңшы атыс қаруын бір адамнан екінші адамға иеленуге беру жөніндегі құжаттарды ресімдеуге болады. Мұны берілетін қару есепте тұрған жер бойынша рұқсат ету жүйесін жүзеге асырушы ішкі істер органының қызметкері қару иесінің және осындай қару түрін алуға ішкі істер органынан рұқсат алған адамның қатысуымен жүргізеді. Бұл ретте берілетін қарудың маркасы, калибрі және нөмірі рұқсат қағазына және сатып алуға арналған рұқсаттың дубликатына жазылады. Жазуды ішкі істер органының бастығы қол қойып куәландырады және мөр соғылады. Рұқсаттың дубликаты қаруды тұратын жері бойынша есепке қою үшін жаңа иесіне қайтарылады. Сонымен бірге қарудың берілуіне байланысты қару иелеріне есеп жүргізу журналына (N 29 қосымша) қаруды есептен шығару туралы тиісті жазу жазылады.

60. Атыс қаруының иесі тұрақты мекенін өзгерткен жағдайда ішкі істер органына қаруын есептен шығару туралы өтініш жасауға және жаңа мекенін

көрсетуге міндетті. Жаңа тұрақты мекеніне келген бойда қару иесі он күн мерзімде (шекара аймағында 24 сағат ішінде) қаруын жергілікті ішкі істер органында есепке қоюға міндетті.

61. Жарамсыз болып қалған атыс қаруы (жөндеуге жатпайтын), қарудың техникалық күйін анықтау жөніндегі комиссия осылай деп тапса, тіркелмейді (қайта тіркелмейді), иесі бір ай мерзімде ерікті түрде ішкі істер органына тапсырады немесе қару шеберханасында атуға жарамсыз күйге келтіріледі және ішкі істер органының тиісті рұқсаты бар басқа адамға не заңды ұйымға коллекциялық немесе имитациялық қару ретінде беріледі.

ЕСКЕРТУ. Қарудың техникалық күйін анықтау жөніндегі комиссия ішкі істер органында 3-4 адам құрамында: рұқсат ету жүйесін асырушы ішкі істер органы қызметкерінен, аңшы инспекторынан, қару жөңдейтін техниктен құралады және аудан (қала) әкімінің шешімімен бекітіледі. Комиссияның міндетіне азаматтар ішкі істер органында тіркеу (қайта тіркеу), есепке қою кезінде тапсырған атыс қаруын тексеру жатады. Жұмыс барысында комиссия аңшы атыс қаруын техникалық санаттау нормаларын басшылыққа алады (N 30 қосымша).

Алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару-жарақ пен оқ-дәрілердің ішкі істер органдарында сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкіісмині белгілейді.

62. Атыс қаруы жоғалған немесе ұрланған жағдайда иесі міндетті түрде бұл туралы ішкі істер органына дереу хабарлауға міндетті.

6. Спорт қаруын сатып алу, сақтау және тасымалдау т ә р т і б і

63. Спорт қаруы (калибрі 4,5 мм аспайтын пневматикалықтан басқа) мен олардың оқ-дәрілерін сатып алуды ұйымдар ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасының Ішкіісмині келісілген спорт ұйымдарының қару-жарақ нормалары мен табельдері бойынша жүзеге асырады. Спорт қаруын сатып алу, сақтау мен тасымалдау осы Ережелердің 3, 8, 9, 14, 15, 17-тармақтарында және 4 бөлімінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

64. Спорт делегацияларының (командаларының) қару мен оқ-дәрілерді тасымалдау үшін жауапты лауазымды адамдары атудан жарыс өтетін немесе оқу-жаттығу жиыны өтетін жерге келген бойында өздерімен бірге әкелген қару мен оқ-дәрілерді тасымалдауға арналған рұқсатпен бірге жарыс немесе жиын өтетін жердегі арнайы жабдықталған жайға уақытша сақтауға дер кезінде та п с ы р у ғ а м і н д е т т і .

Қару мен оқ-дәрілерді спорт делегациялары (командалары) орналасқан қонақ үйлерінде, жатақханаларда, спорт лагерлерінде және басқа демалыс орындарында сақтауға тиым салынады.

Жиын (жарыс) кезінде қарудың сақталуы үшін жауапты адамдар күн сайын қаруды күзетке тапсырардың алдында қару беру мен қабылдау журналына (24 қосымша) сәйкес барлық атыс қаруының түгел екенін тексеруге міндетті.

7. Наградалық қаруды сақтау тәртібі

65. Наградалық қаруға КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы (КСРО, ОАК, ВОАК қаулылары), КСРО Қорғаныс министрінің бұйрығы (РӘК, Әскери теңіз халық комиссариаты, ҚХК, КСРО әскери, әскери-теңіз министрлігі және МВС), Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі майдан қолбасшысының бұйрығы, КСРО Ішкі істер министрінің, КСРО МКҚ (КСРО ВУК, ОГПУ, НИВД, МГБ, МООП) Төрағасының бұйрығы, жоғарғы өкілді немесе атқару органы және қарумен наградтау құқы берілген лауазымды адамдардың бұйрығы негізінде, сондай-ақ шет мемлекеттердің басшылары мен үкімет мүшелерінің наградтау грамоталары немесе басқа құжаттары негізінде алынған қару жатады.

66. Наградалық атыс (суық) қаруы бар адамдарға ішкі істер органдары "наградалық" деген белгі соғып, күшінде болу мерзімін көрсетпей оны сақтауға және алып жүруге арналған рұқсат береді.<*>

ЕСКЕРТУ. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.28. N 1060 қаулысымен.

67. Наградалық қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсат алу үшін оның иесі ішкі істер органына мынадай құжаттар тапсырады:<*>

толтырылған карточка-өтініш;

қарумен наградтау туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалдық түрде куәландырылған көшірмесі;

қаруды қауіпсіз иелену мен ұстауға бөгет болатын қарсы дәлелдердің болмауы жөніндегі медициналық анықтама;

материалдық бөлігі мен қару қолдану ережелерін білуі жөніндегі сынақшаны тапсыруы туралы анықтама;

көлемі 3 X 4 см екі фотосуреті.

ЕСКЕРТУ. 67-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.28. N 1060 қаулысымен.

68. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ішкі істер министрі мен ҰҚК офицерлері алған наградалық қару олардың және басы куәліктеріне жазылуы керек. Запасқа немесе отставкаға кеткен жағдайда бұл адамдар бір айлық мерзімде қаруын тұратын жеріндегі ішкі істер органында тіркеуге және оны сақтауға рұқсат алуға міндетті. Наградалық қаруды тіркегені (қайта тіркегені) үшін төлем алынбайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.28. N 1060 қ а у л ы с ы м е н .

